

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ ЖАҢА КӨКЖИЕГІ

Қоғамдық жаңару мен елдігімізді жалпақ жұртшылыққа паш етумен есте қалған өткен жылдың сәуіріндегі Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы дамуымыздың жарқын үлгісін көрсетіп қана қоймай, болашағымызға жол сілтер нақты қадам, тұщымды шешімдерге негізделген маңызы зор құжат болып тарихымызда қалады.

Бүкіл қазақ жұртының мақтанышы болған мақалада ХХІ ғасырдағы сананы жаңғырту, ұлттық болмысымыз бен ұлттық кодты сақтай отырып, оны жаһандық құндылықтармен қуаттандырып, еліміздің болашақтағы мақсат-мүдделері туралы өзекті мәселе көтерілді. Елбасы Қазақстан үшін қайта жаңғырудың өзекті әрі ұлттық маңызға ие екі үдерісін, яғни алдағы саяси реформалар мен экономикалық жаңғыруды басым бағытта көрсете отырып, Мәңгілік Ел жолында Біртұтас Ұлт пен бұқаралық сананы өзгертудің нақты механизмдерін саралап, жүйелеп берді.

Қандай қоғамда және қайбір тарихи кезеңде болмасын ұрпақтың саналы білімі мен сапалылығы өзекті мәселе болып келгендігі баршамызға белгілі. Жаһандық мәселелер орын алып, түрлі сын-қатерлер көбейіп жатқан тұста білімге көзқарас түбегейлі өзгеріп, талап күшейді.

Жаңа ғасырға аяқ басқан тұста-ақ алысты болжайтын бірегей саясаткер Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Қазақстанды ХХІ ғасырда дамыған елдермен теңестіріп, өркениетті әлемнен мәртебелі орын алуына ықпал етер бірден-бір құдірет – білім, білімді ұрпақ», – деп атап көрсеткен болатын.

Рухани жаңғырудың басты бағыты да – білімнің салтанат құруымен тығыз байланысты. Жаһандық бәсекеге төтеп бере алатын және елімізді дамыған 30 елдің қатарына қосатын сөз жоқ дүниетанымы мығым, санасы өрелі білімді ұрпақ деп білеміз. Үстіміздегі жылдың 10 қаңтарындағы Елбасының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында да қоғамның даму кілті білімді адамдардың жаңаша қызмет атқаруын талап ететінін тағы да дәлелдей түссе, сол жаңашыл адамдарды қалыптастыруда білім беру ұйымдарына ерекше жүк артылады.

Осы орайда М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің «Гуманитарлық-әлеуметтік ғылымдар» факультетінде Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында университет бекіткен жоспарға сай тағылымы мен танымы маңызды бірқатар іс-шаралар атқарылды. Бағдарламалық мақаланы талқылау, насихаттау және одан туындайтын міндеттерді жүзеге асыру бойынша жүргізілетін жұмыстардың көпшілігі «Гуманитарлық-әлеуметтік ғылымдар факультетінің» үлесінде екендігін айтқымыз келеді.

Елбасының Жолдаулары мен бағдарламасын жергілікті халыққа на-



сихаттау мен түсіндіруде облыс, қала әкімдіктерінде құрылған ақпараттық топтың мүшелерінің басым бөлігі де факультетіміздің профессор-оқытушыларынан құралған болатын.

Бұл орайда Франциядан шыққан ғалым, этнолог, әлеуметтанушы, философ Клод Леви-Стростың «ХХІ ғасыр – гуманитарлық ғылымның ғасыры болады, әйтпесе ол мүлде болмайды» деп атап көрсеткені бар.

Сөз жоқ, рухани жаңғырудың негізі тарихи сананы жаңғыртумен ұштасқанда ғана өзінің нәтижесін көрсетеді. Бүгінгі уақыт бізден көп нәрсені талап етеді. Тарихтан сабақ алу – берекелі болашағымыздың негізі болмақ.

Осы орайда университетіміздің «Қазақстан тарихы» кафедрасы қоғамның рухани жаңғыруы аясында «Қазақстан Республикасындағы заманауи тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасының» жобасын дайындады. Бұл тұжырымдаманың өзегі де патриотизм, туған жерін сүю және құрметтеу, отбасылық



Ф.ғ.д., профессор Ә.Жүнісбекпен кездесу

құндылықтарды қастерлеу, ұлтымызға тән қасиеттерді жас ұрпақ бойына сіңіру және тарихи сананы қалыптастыру болып отыр.

«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында қазіргі заман мен болашақты терең бағамдап, түсіне алатын мамандар дайындау үшін гуманитарлық бағытта білім беруді жаңғырту қажеттілігі атап көрсетілген болатын. Осыған орай заманауи білім бере отырып, адами, ұлттық құндылықтарды сіңірген мамандарды дайындау бағытында факультетіміздің «Филология және журналистика» кафедрасында «Бауыржантану», «Абайтану», «Шу-Талас өңірінің

поэтикалық дәстүрлері» пәндері, «Қазақстан тарихы» кафедрасында «Өлкетану», «Дулатитану» ал «Педагогика және психология» кафедрасында «Қыздарды тәрбиелеудің дәстүрлі әдістері», «Этнопедагогика» пәндері жүргізілуде.

Елбасы Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керектігін атап көрсеткен-ді.

Төл тарихымызға көз жүгіртер болсақ, бүгінге дейін үш әліпбиді ауыстырған екенбіз. Өткен ғасырдың алғашқы жартысында қазіргідей газет-журнал, компью-

тер, инновациялық технологиялар болған жоқ. Ал бүгінгідей тамаша мол мүмкіндіктер туындап отырған кезеңде латын әліпбиіне көшу кезек күттірмес мәселе деп ойлаймын. Бізді ерекше қуантатыны – қазіргі білім ордаларында ағылшын тілін үйренуге барлық мүмкіндіктердің жасалғаны. Білім құған жастар шет тілдерін меңгеріп, әлемнің әр өңірінде білім алуда. Осы тұрғыда қарайтын болсақ, латын әліпбиіне көшуден қорқудың еш негізі жоқ деп білеміз.

Еліміздегі латын әліпбиіне көшудің қажеттілігін көпшілікке түсіндіру мен насихаттау мақсатында факультет ұжымы тарапынан ауқымды іс-шаралар атқарылды. Күні бүгінге дейін түрлі деңгейдегі дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды. Жаңа әліпбидің нұсқасын жасаумен шұғылданып жүрген ғалымдар мен тіл мамандары қонаққа шақырылып, ұсыныс-пікірлер талдауы облыстық бұқаралық ақпарат құралдарында жарыққа шығып та жатыр.

Факультетімізде «Филология және журналистика» кафедрасының басшылығымен латын әліпбиіне көшудің әлеуметтік-лингвистикалық ерекшеліктеріне байланысты аймақтық, облыстық, республикалық ғылыми-практикалық, әдістемелік конференциялар өткізілді, сондай-ақ облыстық және қалалық мемлекеттік мекемелерде ұйымдастырылған дөңгелек үстелдерге кафедраның профессорлары мен оқытушалары үнемі қатысып, өз ойларымен бөлісуде.

Жақын уақытта, яғни емле ережесі жүйеге түскеннен кейін, көпшілікке латын әліпбиін меңгертуде заманауи технологияға негізделген оқулықтар мен оқу құралдарын жасау қажеттілігі туындайтыны анық.

М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор М.Сарыбековтың қолдауымен профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерге, студенттерге және облыс, қала



Жаңа әліпбиді үйрету сәмі



«Әулиеата – киелі мекен» экспедициясын ресми шығарып салу

тұрғындарына латын графикасына негізделген қазақ әліпбиін үйрету, жаңа орфография ережелерін меңгерту, тиімді инновациялық тәсілдермен, сондай-ақ заманауи оқу-әдістемелік құралдардың көмегімен сауатты жазу мен оқуға баулу мақсатында «Латын графикасын үйретудің оқу-әдістемелік» кабинеті жабдықталып, ашылған болатын. Мұнда мемлекеттік тілді үйретуге жақсы жағдай жасалған.

Бағдарламалық мақаладағы басты міндеттердің бірі «Туған жер» бағдарламасы арқылы жастардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыру және халықтың санасына жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіру қажеттілігі айтылған.

Ұлан байтақ Ұлы Даламызда құт қонып, қыдыр дарыған киелі жерлер мен маңызды мекендер өте көп. Ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа мұра болған қасиетті құндылықтарды

құрметтеу әрі зерттеу ісі – үлкен міндет.

Даму дәуірі екі мың жылдан асқан Әулиеата өңірінің тарихы қай-қайсымызды да бей-жай қалдырмасы анық. Бұл өлке туралы танымал тарихшыларымыз бен ғұламаларымыз, аты мәшһүр шет елдік саяхатшылар ерте кезден-ақ өз бағасын беріп кеткендігі белгілі.

Құмық халқында «Кез келген кішкентай жұлдыздың өзі аспанның сәнін келтіреді» деген нақыл сөз бар. Бұл орайда «Әркімнің туған жері өзіне ыстық, тау-тасы тұнып тұрған шежіре» – деген ой еркінді баурайды.

«Туған жер» бағдарламасы аясында, өңіріміздегі тарихи-мәдени ескерткіштерді зерттеп-зерделеу, жариялап-насихаттау арқылы жастардың туған жерге сүйіспеншілік сезімін арттыру және облысымыздағы этностар мәдениетін ғылыми-танымдық тұрғыдан таныту мақсатында университет ректорының бұйрығымен 2017 жылдың 15-30 маусымы аралығында «Әулиеата –



Үш ата мазары, Шу ауданы



Оңғарбай би мазары, Мойынқұм ауданы

киелі мекен» атты Жамбыл облысының барлық аудандарын қамтитын тарихи-этнографиялық экспедиция ұйымдастырылды.

Факультеттің профессор-оқытушылары мен студенттері осы экспедицияның жұмысына белсене қатысып, жергілікті өлкетанушы, ғалымдардың еңбектерін жинақтады, киелі, қасиетті орындарға байланысты деректі фильм түсірілді және облысымыздың интерактивті-тарихи картасы мен анықтамасы дайындалды.

Экспедиция қорытындысы бойынша Жамбыл облысының киелі мекендері туралы жинақталған деректер университеттің сайтына және республикалық электрондық ресурстарға қойылып, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы кеңінен насихаттау жұмыстары жүргізілді.

«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында көрсетілген басым бағыттарды жүзеге асыру мақсатында университет ғалымдары өңірлік жобалау офисіне он үш жоба ұсынса, оның жетеуі біздің факультеттің

ғалымдарының үлесінде. Осы жобаларды үйлестіріп, жұмысын тиімді жүргізу үшін, университет басшылығының қолдауымен арнайы жобалық офис ашылды.

«Жаһандық заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы аясында «Мәдениет және өнер» кафедрасында жастарды ұлттық тарихты, мәдениетімізді шынайы құрметтеуге баулу мақсатында түрлі сахналық қойылымдар мен әдеби-сазды композициялық кештер тұрақты өткізілуде.

Қай жағынан алып қарасақ та мақалада көрсетілген міндеттерді жүзеге асырып, айшықтау – өз жеріңе, еліңе деген патриоттық сезімді қалыптастырудың қуатты құралы екендігі даусыз. Елбасының бұл бағдарламалық мақаласында айтылған, дамудың даңғыл жолын айқындап берген межелі міндеттер мен белесті бастамалардың болашақта өз жалғасын таба беретініне сеніміміз мол.

Ә.О. ЫБЫРАЙЫМ,
М.Х.Дулати атындағы Тараз
мемлекеттік университеті,
«Гуманитарлық-әлеуметтік
ғылымдар» факультетінің деканы,
ф.ғ.к., доцент

АННОТАЦИЯ ○

В статье речь идет о масштабной работе, проводимой на факультете гуманитарно-социальных наук Таразского государственного университета имени М. Х. Дулати в рамках разъяснения и реализации задач, озвученных в программной статье Главы государства Н. А. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания». Профессорско-преподавательский состав факультета является организатором круглых столов, семинаров, научно-практических конференций, посвященных вопросам духовной модернизации общества, кроме того, по инициативе руководства вуза открыт учебно-методический кабинет по обучению латинской графике, проектный офис по реализации приоритетных направлений, обозначенных в программной статье Президента РК.